

Қарағанды облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Қарағанды облысы әкімдігінің 2016 жылғы 4 наурыздағы № 13/02 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңына сәйкес Қарағанды облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Күші жойылды деп танылсын:

1) Қарағанды облысы әкімдігінің 2015 жылғы 6 тамыздағы № 44/01 "

Субсидияланатын гербицидтердің түрлерін және субсидиялау нормаларын белгілеу туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3364 болып тіркелген, 2015 жылғы 17 тамызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде, 2015 жылғы 18 тамыздағы № 116 (21867) "Индустриальная Караганда" және 2015 жылғы 18 тамыздағы № 130 (22015) "Орталық Қазақстан" газеттерінде жарияланған);

2) Қарағанды облысы әкімдігінің 2015 жылғы 12 маусымдағы № 32/07 "Басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесін және субсидиялау нормаларын белгілеу туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3277 болып тіркелген, 2015 жылғы 24 маусымда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде, 2015 жылғы 23 маусымдағы № 89-90 (21840-21841) "Индустриальная Караганда" және 2015 жылғы 23 маусымдағы № 103 (21988) "Орталық Қазақстан" газеттерінде жарияланған).

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік жасайтын орынбасарына жүктелсін.

Облыс әкімі

Н. Әбдібеков